ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Энергетика және машина жасау институты

«Энергетика» кафедрасы

Шазатхан Жанел Болатқызы

Автономды кернеу инверторы негізінде «ЖТ-АҚ» жүйесі бойынша электр жетегін жобалау

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6В07101-«Энергетика»

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Энергетика және машина жасау институты

«Энергетика» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
«Энергетика» кафедрасының меңгерушісі, PhD,
қауымдастырылған профессор
_____Е.А. Сарсенбаев
«6» 06 2023 ж.

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
НАО «КазНИТУ им.К.И.Сатпаева»
Институт энергетики
и машиностроения

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы «Автономды кернеу инверторы негізінде «ЖТ-АҚ» жүйесі бойынша электр жетегін жобалау»

6В07101-«Энергетика»

Орындаған Шазатхан Ж.Б.

Пікір берілді
«Алматыліфт» АҚ
бас директоры
_____Н.Ж.Кураков
(қолы)
«06» 06 2023 ж.

Ғылыми жетекші
магистр, аға оқытушы
_____Ә.О.Бердібеков
(қолы)
«31» 05 2023 ж.

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Энергетика және машина жасау институты

«Энергетика» кафедрасы

6В07101-«Энергетика»

БЕКІТЕМІН
«Энергетика» кафедрасының меңгерушісі
PhD, қауымдастырылған профессор
_____Е. А. Сарсенбаев
«16» ____01_____2023 ж.

Дипломдық жұмыс орындауға

ТАПСЫРМА

Білім алушы *Шазатхан Жанел Болатқызы*
Тақырыбы:*«Автономды кернеу инверторы негізінде «ЖТ-АҚ» жүйесі бойынша электр жетегін жобалау»*
Университеттің академиялық мәселелер бойынша проректоры бекіткен .
Бұйрық . *№ 408-п «23» қараша 2023 ж*
Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі *«30» мамыр 2023 ж.*
Дипломдық жұмыстың бастапқы берілгендері:
а)Механизмнің тағайындалуы, құрамы және техникалық сипаттамалары;
ә)Көпірлік кран электр жетегінің кинематикалық сұлбасы және технологиясы;
б)Автономды кернеу инверторы негізінде «ЖТ-АҚ» жүйесі бойынша электр жетегін жобалау;
в)Электр жетегінің динамикасын талдау;
Дипломдық жұмыстың қысқаша мазмұны: *Кранның көтеру механизімінің сипаттамалары мен технологиясы, электр жетегіне қойылатын талаптарды қарастыру; қозғалтқыш таңдап және жүктемелік диаграммасын есептеп тұрғызу;*
Сызбалық материалдар тізімі *сызбалық материалдар слайдтармен көрсетілген:*
Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: *9 атау*

Дипломдық жұмысты дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге көрсету мерзімдері	Ескерту
Механизмнің тағайындалуы, құрамы және техникалық сипаттамалары	10.05.2023	тоқ
Автономды кернеу инверторы негізінде «ЖТ-АҚ» жүйесі бойынша электр жетегін жобалау	17.05.2023	тоқ
Электр жетегінің динамикасын талдау	24.05.2023	тоқ

Аяқталған жұмысқа қойылған кеңесшілері мен норма бақылаушының

қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	**Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)**	**Қол қойылған күні**	**Қолы**
Технологиялық бөлім	Ә.О.Бердібеков магистр, аға оқытушы	10.05.2023	
Негізгі бөлім	Ә.О.Бердібеков магистр, аға оқытушы	17.05.2023	
Электр жетегінің динамикасын талдау	Ә.О.Бердібеков магистр, аға оқытушы	24.05.2023	
Норма бақылау	Ә.О.Бердібеков магистр, аға оқытушы	31.05.2023	

Ғылыми жетекші _____ Ә.О.Бердібеков

Тапсырманы орындауға алған білім алушы _____ Ж.Б.Шазатхан

Күні «06» 02 2023 ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жұмыс «ЖТ-АҚ» жүйесі бойынша кранның көтеру механизмінің электр жетегі тақырыбына орындалған. Оған келесі бөлімдер кіреді: технологиялық бөлім, негізгі бөлім және электр жетегінің динамикасын талдау.

Негізгі бөлімде кранның көтеру механизімінің сипаттамалары мен технологиясы, электр жетегіне қойылатын талаптары қарастырылды, қуаты есептелініп, қозғалтқыш таңдалды, жүктемелік диаграммасы есептелініп тұрғызылды. Сонымен қатар жиілікті түрлендіргіш таңдалып, электр жетегінің құрылымдық сұлбасы құрылды, MathLab бағдарламасын қолдану арқылы ЖТ-АҚ жүйесіндегі өтпелі процестері қарастырылды.

АННОТАЦИЯ

Дипломный проект был выполнен на тему электропривод механизма подъема крана по системе ПЧ-АД. К нему вошли следующие разделы: технологический часть, основная часть и анализ динамики электропривода.

В основном разделе рассматривается характеристика и технология подъема механизма, предъявляемое требование к электроприводу, проводился расчет мощности и был выбран, а также прозводился расчет двигателя и была построена диаграмма. Также было выбрано преобразователь частоты, и была построена структурная схема, используя программу MatLab рассматривался переходной процесс ПЧ-АД.

ANNOTATION

Graduation project was carried out on the electric crane hoist IF-AD.K system, it includes the following sections: the technological part, the main part and the analisys of the dynamics of the electric drive.

In the main sections, the characteristics and technology of lifting mechanism, to make demands to the drive, perform calculations, and power hasbeen chosen and prozvodilsya calculation engine, and a diagram was constructed. Also, the frequency converter has been selected, and the block diagram was constructed using MathLab program considered transient IF-AD.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	Технологиялық бөлім	8
1.1	Механизмнің тағайындалуы, құрамы және техникалық сипаттамалары	8
1.2	Көпірлік кранның негізгі мінездемелері	11
1.3	Көпірлік көтеру краны механизмінің электр жабдығының жалпы техникалық сипаттамасы және жұмыс шарттары	13
1.4	Көпірлік кран электр жетегінің кинематикалық сұлбасы және технологиясы	14
1.5	Электр жетегіне қойылатын талаптар	17
2	Негізгі бөлім	19
2.1	Автономды кернеу инверторы негізінде «ЖТ-АҚ» жүйесі бойынша электр жетегін жобалау	19
2.2	Қозғалтқышты алдын-ала таңдау	20
2.3	Жүктеме диаграммасын және тахограмманы есептеу, құрастыру	21
2.4	Қызу және қайта жүктеу қабілеттілігі бойынша қозғалтқышты тексеру	24
2.5	Жиілікті түрлендіргішті таңдау	25
2.6	Қозғалтқыштың техникалық сипаттамалары	26
2.7	Жиілікті түрлендіргіштің қуатын есептеу	28
2.8	Статикалық сипаттамаларды есептеу және құру	30
3	Негізгі бөлім	36
3.1	Электр жетегінің динамикасын талдау	36
3.2	Жиілікті түрлендіргіш асинхронды қозғалтқыш жүйесі бойынша құрылымдық сұлбасын құрастыру	37
	Қорытынды	39
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	40

КІРІСПЕ

Крандық электр жабдық халық шаруашылығының барлық салаларының кешенді механизациялау құралдарының бірі болып табылады. Отандық өнеркәсіп өндірген жүк көтергіш машиналарының басым көпшілігі болып, жұмыс механизмнің негізгі жетекшісі де бар, сондықтан осы машиналардың жұмыс істеуі крандық жабдықтардың пайдаланылатын сапалы көрсеткіштерінен айтарлықтай дәрежеде тәуелді.

Жүк көтеру операциялармен байланысты жүктердің орын ауыстыруы, халық шаруашылығының барлық салаларында, көлікте және құрылыста алуан түрлі жүк көтеру машиналармен іске асады.

Жүк көтергіш машиналарды тиеу және түсіру жұмыстарына, құрылыс немесе өндіріс технологиялық тізбегінде жүктерді орын ауыстырғанда және ірі агрегатты монтажды жұмыстарды орындау үшін қолданылады. Электр жетегі бар жүк көтергіш машиналар кең ауқымда қолданылады, ол жетек қуатының жүз ваттан 1000 кВт дейінгі аралықта сипатталады. Болашақта кран механизмдерінің қуаты 1500 -2500 кВт жетуі мүмкін.

Жұмыстың мақсаты мен сипатына қарай көпірлік крандар әр түрлі жүк көтергіш құрылғыларымен жабдықталған: ілмектермен, грейферлармен, арнайы қармаулармен және т.б. Көпір краны қолдануға өте ыңғайлы, цехтің жоғарғы бөлігінде орналасқан кран жолдары арқылы қозғалысы арқасында, ол пайдалы аудан алмайды.

Жүк көтергіш машиналардың көпшілігінің электр жетегі қайта-қысқа мерзімді жұмыс тәртібімен жоғары жиілікте, механизмдердің жеделдету және тежеу кезінде жоғары жылдамдығын бақылау ауқымын және елеулі жүктемелер реттеу кезінде сипатталады. Электр жетегі жүк машиналарында қолданылуы крандық аппараттардың орындалуы және электр қозғалтқышының арнайы сериясын жасау үшін ерекше шарт болып табылады. Қазіргі уақытта крандық электр жабдық өзінің құрамында тұрақты және айнымалы тоқтың крандық электр жабдықтар сериясы, магнитті және күшті контроллерлар сериясын команд контроллер, кнопкалы пост, ажыратқыш, электромагнитті тежегіш және электрогидравликалық итергіш, тежегіш резисторлар және басқа да құрылғылар, әр түрлі крандық электр жетегішпен толықтырады.

Крандық электр жетекте әр түрлі тиристорлық реттеу жүйесі және радио каналы немесе бір сым бойынша қашықтан басқару кеңінен қолдана бастады.

Қазіргі уақытта жүк көтергіш машиналары зауыттарда көптеген санмен шығарыла бастады. Бұл машиналар көптеген халық шаруашылық салаларында, металлургия, құрылыс, кен өндіру өнеркәсібінде, машина жасау, көлікте және басқа да салаларда пайдаланылады.

Машина құрастыруды дамыту, жүк көтеру машинасының өндірісімен шұғылдану, мемлекет халық шаруашылығының маңызды даму бағыты болып саналады.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Көпірлік кранның тағайындалуы, құрамы және техникалық сипаттамалары

Электр көтергіш крандар - бұл жүктерді тік және көлденең орын ауыстыру үшін қызмет ететін құрылғы. Көтергіш жүкшығырда орналасқан жылжымалы металды құрылысы көтергіш кранның негізгі элементтері болып табылады. Көтергіш жүкшығыр механизмі электр қозғалтқышпен қозғалысқа келеді.

Көтергіш кран жүк циклдік пайдаланылатын көтергіш машина болып табылады, ол электромагниттік аспалы – жүк көтеретін құрылғы, жүкті көтеруге және орын ауыстыруға арналған.

Көпірлік кран (1.1 сурет) түпкі арқалықта орнатылған жүріс дөңгелектері бойынша кран жолдары арқылы қозғалатын көпір болып саналады. Жолдар цех бағанының жоғарғы жағында орналасып, крандық арқалықта орналасады. Кран қозғалысының механизмі кран көпірінде орналасқан. Басқарудың барлық механизмдері краншының қозғалатын кабинасынан іске асады. Электр қозғалтқыштың қоректенуі цехтің троллеясы арқылы іске асады. Тоқ өткізгіш икемді кабел арқылы іске асады. Жетегіш редуктор арқылы электр қозғалтқыштан жүріс дөңгелегімен іске асады.

Гидротазартқышта орналасқан көпір краны, тоңазтқыш бөлімшесіне болаттың домаланған парақтарын аудару үшін арналған.

Бұл электромагниттік көпір краны екі арбасының арқайсысы 25 т. дейін жүк көтереді. Электромагнит көмегі арқылы түрлі көлемде жоғары температуралы болат парақшаларын көтереді және түсіреді.

Крандық жолдарға сүйенетін тасымалдаушы элементтері бар крандарды көпірлік крандарға жатқызамыз. Көпірлік крандар өндіріс цехтарында және қоймаларда орнатылады. Кран көпірі жер үстіндегі кран асты жолдармен жүретіндіктен, өндіріс орындарында көп орын алмайды. Осындай крандардың жүк көтергіштігі 5 пен 50 тонна шамасында болады, ал өткіні 34,5 м дейін жетуі мүмкін.

Көпірлік крандардың басты құрылғысы:

- жүретін дөңгелектерге қондырылған жылжымылы көпір;
- жүк көтеру механизмімен жабдықталған және арба мен кабинканы жылжытатын жүк арба.

Көпірлік кранның осындай құрылғылары үш қозғалысты жүзеге асырады:

- жүкті түсіру және көтеру;
- жүкті көлдеңен қозғалту;
- жүкті тігінен қозғалту.

Крандардың барлық механизмі электрлік жетегпен жабдықталған. Көпір кранды жылжыту механизм көмегімен цех аумағындағы кран асты жолдармен немесе арнайы кран асты эстакадалар көмегімен қозғалады. Жолдар арнайы немесе теміржзол рельстерінен, сондай-ақ тік төртбұрышты немесе квадратты

кималары бар болат шиналардан жасалынады. Кран жолдарын арнайы әдіс бойынша кранды қабырғаға соғысуын болдырмайтындай етіп жасайды. Бұл үшін кран асты жолдарға және көпір конструкциясына серпінді немесе резиналы буферлер орнатылады. Көпірде басқару кабинасы болады. Ол әдеттегідей троллерлі сымдардың қарсы жағына орнатылады. Көп жағдайда кабина жүк арбасымен берік бекітіліп, жұмыс аумағында тігінен және көлдеңен қозғалады.

Көпірлік кранның жүк көтеруінен басқа тағы бір маңызды параметр ол – жүк арқанының полиспаста еселігі. Полиспаста еселігі бұл – жүк арқанындағы тармақтар мөлшері. Максималды полиспаста еселігі бар крандар әдетте үлкен жүктерді көтеру қабілетіне ие болады.

Кранның өткіні бұл параметр тікелей кранасты жолдың сорабына және кран орнатылатын бөлменің габариттарына тәуелді болады. Үлкен өткінді кранның беріктігін және конструкциясының төзімділігін сақтау үшін өткіннің едәуір үлкен қималары болуы тиіс. Бұл кранның өз салмағының артуына және оның жақсы ұстап туруына алып келеді.

Көпірлік крандарда жүк ұстағыш түйін көпірмен қозғалатын жүк арбаға ілінеді. Жүк ұстағыш ретінде грейфтер, ілгіштер, электр магниттері қолданылады.

Қауіпсіз эксплуатация жасау үшін көпірлік крандарда келісі аспаптар мен құрылғылар орнатылады:

- дыбыстық сигнал;
- кран жүрісін шектейтін ақырғы өшіргіштер;
- жүк арба жүрісін шектейтіндер;
- жүк ұстағыш құрылғының көтеруін шектейтіндер;
- жүк көтергіштігін шектейтіндер;
- жұмысшының галереямен жүрген кезде кранды тоқ қөзінен ажырату құрылғысы.

ККТ-50 маркалы көпірлік кранның құрылысы 1.1 суретте көрсетілген.

Көпірлік кран жобалау құрлысына байланысты аспалы және тіреуіш болып бөлінеді. Жәнеде көпірлік кранды еденнен немесе кабина ішінде басқаруға болады. Сондай-ақ көпірлік кранды қолмен немесе электрлік жетекпен ажыратуға болады. Көпірлік кранның жүк көтеру жолы көпір мен кран жолын тікелей кабырғалар бойымен немесе тыс эстакада рельстеріне жүктелген. Көпір бойымен жүк тележкасы қозғалады. Көтергіш жүкті жоғары және төмен жылжытады, ал тележка оңға және солға жылжытады. Кранның көпірі алдыға және артқа жылжытады. Жүк арбасының ілгіші магниттен немесе грейферден болады.1. 2 – суреттегі көпірлік кранның арбасының жүріс дөңгелектері жүкті көтеру механизмі және арбасының жылжытуы орнатылған, дәнекерленген металл жақтауынан тұрады.

1.1-сурет – Көпірлік кран



1 – жүкті көтеру механизмі; 2 – дәнекерленген металл жақтауынан;
3 -арбаны жылжыту механизмі

1.2-сурет – Көпірлік кранның арбасы

Арбаның жақтауында басты және қосалқы тележканы көтеру және жылжыту механизмдері орналасқан. Басты көтерудің механизмі редукторға ұзына бойы вал арқылы жалғанған электрқозғалтқыштан тұрады. Кірістегівалды редуктордың кірісіндегі валға жалғайтын жартылай муфта тежеуіш шкиф мақсатында қолданады. Оның жетегі электргидравликалық итергіш механизмі бар. Редуктордың шығысындағы вал тісті барабанды муфтамен жалғанған. Биіктікті шектеу үшін шпинделді ажыратқыш қолданады, ол жоғары және төменгі мәндегі орнатылған мәнге келгенде өшіп қалады.

Арбаның жылжу механизмі тежеуін қозғалтқышынан, бойлық редуктордан, екі жетекті және екі бос жүріс дөңгелектерінен тұрады. Тележканың жақтауында сызғыш қапталған, ол арбаның жылжуына шектеу қояды.

Жақтау бойлық және көлденең болаттан жасалынған тіреуден тұрады. Массаның азаюы және көбеюі үшін майысқан профильдер қолданады.

Механизмнің түйіндері көлденең тіректен, редуктордан және қозғалтқыш механизмі монтаждалған.

Қозғалу механимі жетекші және бойлық тележкалар ортасында орналасқан, бойлық редукторының монтаждауына қолайлы болу үшін.

Сонымен қатар көпірлік крандар аспалы және тізбекпен жабдықталған болады.

1.2 Көпірлік кранның негізгі мінездемелері

Әртүрлі материалдарды көтеру және олардың орындарын ауыстыру үшін, сондай-ак цехтың немесе шеберхананың талаптары бойынша ауыр монтаждық жұмыстарды орындауда оптимальды техникалық шешімі ретінде көтергіш көпірлік керандар болып қала береді. Осы жүк көтергіш машиналардың артықшылықтарына тұрақты жүк көтергіштігін, қолданудың оңайлығын және кран конструкциясының жеңілдігін жатқызуға болады. Әдетте қазіргі заманауи жалпышаруашылық көпір крандарының конструкциясы кең түрлілікпен ерекшелінеді. Осыған байланысты жүк көтергіш техникасын шығарушылар өздерінің тапсырыс иелеріне көпірлік крандарын алмас бұрын талап парақтарын ұсынады.

Талап парақтары әдетте келесі ақпараттарды қамтиды:

Кранның жүк көтеру қабілеттілігі. Осы негізгі параметр болып табылады. Кранның көмегімен қозғалатын жүктің максималды массасына тәуелді болады. Көпірлік крандар кішігірім автошеберханаларда да, ТЭЦ-тің турбиналық цехтарында да қолданатындықтан олардың жүк көтергіштігі 0,25тен бастап 250 тоннаға дейін топталады. Бұл ретте ауыр жүк көтергіш көпірлік крандарда көтерілудің жылдамдығын арттыру үшін қосымша құрылғылармен жабдықталады.

Көпірлік кранның жүк көтеруінен басқа тағы бір маңызды параметр ол –

жүк арқанының полиспаста еселігі. Полиспаста еселігі бұл – жүк арқанындағы тармақтар мөлшері. Максималды полиспаста еселігі бар крандар әдетте үлкен жүктерді көтеру қабілетіне ие болады.

Кранның өткіні. Бұл параметр тікелей кранасты жолдың сорабына және, сәйкесінше, кран орнатылатын бөлменің габариттарына тәуелді болады. Үлкен өткінді кранның беріктігін және конструкциясының төзімділігін сақтау үшін өткіннің едәуір үлкен қималары болуы тиіс. Бұл кранның өз салмағының артуына және оның жақсы ұстап туруына алып келеді.

Әдетте көпірлік көтергіш крандардың өткіні 40 метрден аспайды, бірақ арнайы талаптар бойынша көп өткінді крандардың жеткізілуі ықтимал. Бұл крандар бірнеше өзектін көмегімен оздерінің конструкциясының беріктігін сақтай отырып орын ауыстырады.

Көтеру биіктігі. Бұл параметр цехтың немесе шеберхананың габоритіне байланысты. Теория жүзінде кранның көтеру биіктігі ештенемен шектелмейді. Арнайы тапсырыс бойынша жеткізуші құрылыс биіктігіне көпірлік кранды алып келе алады. Айырмашылығы тек үлкен биіктіктер болған жағдайда көтергіш барабанның көлемі, ұзыңдығы және жүк арқанының диаметрі ұлғаяды.

Ақырғы өзектің орналасуы. Осы параметр бойынша көпірлік крандар аспалы және тіректі болып бөлінеді. Тірек крандары классикалық түрде рельстын басына сүйене отырып кранасты жолдармен қозғалады.

Аспалы көпірлік крандардың арбалары өткінді өзектің жоғарғы жағында орналасады және қоставорлы өзектің астынғы сөресі арқылы қозғалады. Аспалы көтергіш крандардың конструкциясы басқалармен салыстырғанда әлсіз болып келеді. Қозғалыс арбасы істен шыққан жағдайда бүкіл конструкцияның құлауы мүмкін. Осы себепке байланысты әдетте аспалы көпірлік крандардың жүк көтергіштігі жоғары болмайды.

Өткіннің өзегінің саны. Ауыр жүк көтергіштікке ие көпірлік крандар әдетте қосөткінді өзектен тұрады, ал жүк көтергіштігі 5 тоннадан аспайдындарда бірөткінді өзек болады. Осылау бөлудің өзендік себептері бар. Екі конструкцияның да артықшылықтары мен кемшіліктері болады. Бірөткінді көпірлік крандардың конструкциясы монтаждауға ыңғайлы, бірақ галереялар арқылы қозғалуы оңай емес. Бұл оның күтінуін және жөндеуін киындатады.

Қос өткінді көпірлік крандардың массасының ауыр болуына байланысты конструкциясы күрделі. Алайда осындай крандардың көмегімен қондырғыларды орнату және қызметкерлердің орын ауыстыруын ұйымдастыруға болады.

Кранды басқару орны. Көтергіш көпірлік крандардың көп бөлігі әдетте аспалы алты кнопкалы басқару пультымен басқарылады. Бұндай кран жүк көтергіштігі 50 тоннаға дейінгі электрлі тельферлі арқанмен жабдықталған.

Жүк көтергіштігі 5 тоннадан жоғары крандарды машинисттың кабинасынан басқарады.

Жұмыс жетегінің қозғалыс жылдамдығы. Жетек қозғалысының максималды жылдамдығы ең алдымен кран жұмысының өнімділігіне әсенетеді. Жылдамдығы минутына қанша метр қозғалуы арқылы өлшенеді.

Жер үстіндегі рельс жолдарымен қозғалатын жүк тасуға арналған электр

қол арбаларының көпірлік, жылжымалы консольды кранды басқарукабинасына кіру үшін стационарлы сатысы бар отырғызу алаңшасы орналастырылады.

Отырғызу алаңшасының еденінен жабынның төменгі бөлшектеріне немесе құрылғының шығып тұрған бөлшектеріне дейінгі ара қашықтық 1800мм кем емес. Отырғызу алаңшасының едені кабинаның тамбуры болған жағдайда кабина мен тамбур едендерімен бір деңгейде орналасады. Отырғызу алаңшасы мен кабина (тамбурдың) есігінің кіре берісіндегегі аралығы кранның отырғызу алаңшасының жанына тоқтағанда 60 мм кем емес және 150мм аспайтын болады.

Отырғызу алаңшасын кабина еденінің деңгейінен төмен орналастыруға жол беріледі, бірақ отырғызу алаңшасын кабинаның еденімен бір деңгейде орналастырған, отырғызу алаңшасы ғимараттың шетінде орналасқанда және кабинаның кіре берісі мен отырғызу алаңшасы арасында белгіленген аралық сақталмаған жағдайларда (1800 мм) биіктігі бойынша габариті сақталмаса 250 мм аспайды. Отырғызу алаңшасын кран жолының соңында кабина еденінің деңгейінен төмен орналастырғанда кабина отырғызу алаңшасына түсуге жол беріледі, бірақ буферлері толық қысылғанда 400 мм аспайды. Сонымен қатар, отырғызу алаңшасымен кабинаның төменгі бөлігі арасындағы аралық (ұзындығы бойынша) 100-250 мм шегінде, кабина мен отырғызу алаңшасының қоршалуының арасында-400-450 мм, кабинаға кіретін жағынан- 700-750 мм.

1.3 Көпірлік көтеру краны механизмінің электр жабдығыныңжалпы техникалық сипаттамасы және жұмыс шарттары

Көтерілген жүкті тасымалдау барысындағы жұмыстың үлкен қауіптілігі, көтеру – көлік машиналарының эксплуатациясы мен орнатуы бойынша жоспарлау мен эксплуатацияның міндетті талаптарын қадағалауды талап етеді. Көтеру және тасымалдау механизмдері үшін орнату және эксплуатациялау талаптары бойынша жүрісті тежеу қондырғыларын орнату қарастырылған. Олар басқару электр сұлбасына әсер етеді. Көтерумеханизміндегі соңғы ажыратқыш жүкқысқыштың жоғары жүруін шектейді, ал қайта қозғалу және арба механизміндегі ажыратқыштар механизмнің екі жаққа жүруін шектейді. Сонымен қатар соңғы ажыратқыштар екі немесе одан да көп крандар бір көпірдің бойына орналастырылған жағдайда да механизмдерді реттеу үшін қолданылады. Кран жабдықтауда қозғалыс жылдамдығы 30 м/мин дейін жетеді. Крандық механизмдер тежеуіштің жабықтүрімен жабдықталуы тиіс.

Жүк көтеретің карндардың кернеуі 500В тан аспауы тиіс. Сондықтан оларда кернеулері 220, 380 және 500В айнымалы тоқта, 220, 440В тұрақты тоқтың электрожабдығымен жабдықталған. Аса жүктелу және қысқа тұйықталу болған жағдайда кондырғының максималды қорғануы басқару сұлбасында қарастырылады. Электр жабдықтау ажыратылғаннан кейін кайта кернеу берілуінде қозғалтқыштың қайтадан қосылуына нольдік қорғау себепші болады. Қызметкерлердің қауіпсіздігі үшін люкты немесе кабинаның есігін ашқан кезде

кернеу электр қондырғысынан ажыратылады.

Қондырғының жұмыс кезінде арбасының, ілгішінің қозғалу бағыттары үздіксіз өзгерісте болады. Көтеру механизмінің жұмысы жүкті көтеру және түсіру процессі, бос ілгіштің қозғалу процессінен тұрады. Кран жұмыс өнімділігін өсіру үшін, келесі процесстерді қосады: қозғалтқыш өшіп тұрған және механизм жұмыс істемей тұрған мезеттегі үзіліс уақыты, ілгішке жүкті ілу немесе жүктен босату үшін, механизмді келесі жұмы режиміне дайындау үшін қолданылады.Барлық қозғалыс процессі тұрақталмаған қозғалыс (жылдамдық алу, тежелу) кезеңіне және тұрақталған жылдамдықпен қозғалатын кезеңге бөлінеді.

Көпірлік кран металлургия өндірісіндегі құю цехында орнатылады. Бұл жерде, шаң бөліну байқалғандықтан, көпірлік кранның электрқозғалтқыш пен барлық электржабдықтар IP 53 ден төмен болмайтын жалпы өнеркәсіптік ретте орындалған қорғанысты қажет етеді. Электржабдыққа шаң түсуден жәнеқызмет көрсетуші қызметкерлердің ток жүретін және айналатын бөліктеріне тиюден толықтай қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және де 60° бұрышпен тікелей су тамшылары электржабдыққа тиюден сақтайтын қорғаныс қажет.

Құйма цехының краны жабдықты үздіксіз қарқынды қолдануда, қоршаған ортаның үлкен температурасында, қызған және балқыған металлдан шығатын жылу барысында жұмыс істейді. Кранды басқару кабинасы жылуоқшауланған куйде орындалады, оған қоса кабинаны ауа алмастырғышпен жабдықтайды. Жобалау және электржабдықтарды таңдау кезінде кран жұмыс режимін энергетикалық көрсеткіш және кран құрылғысын тасымалдау кезіндегі қауіпсіздігімен анықталады. Механизмнің төрт түрлі режимі қарастырылады: Ж - жеңіл, О - орташа, А - ауыр, ӨА - өте ауыр.

1.4 Көпірлік кран электр жетегінің кинематикалық сұлбасы және технологиясы

Бұл көпір краны жоғары температурадағы болат парақшасын 630 ^{0}Сдейін жылдам көтеріп және тасымалдап, дәл бекітуін қамтамасыз етеді.

Болат парақшасының ұзындығы ≤18м (тұрақты температура):

Қалыңдығы 5-8 мм болат парақшасы үшін: бір мезетте 4 болатпарақшасын көтере алады.

Қалыңдығы 18 мм болат парақшасы үшін: бір мезетте 1 болат парақшасын көтере алады.

Болат парағының ұзындығы 18м болғанда:

Қалыңдығы 5-8 мм болат парақшасы үшін: бір мезетте 3 болатпарақшасын көтере алады.

Қалыңдығы 12 мм болат парақшасы үшін: бір мезетте 1 болат парақшасын көтере алады.

Болат парақшасының температурасы 500 ^{0} С болғанда, бір мезетте 1 болат

парақшасын көтере алады.

Жобаның тапсырмасы бойынша кинематикалық сұлба 1.3 - суретте көрсетілгендей, электр жетегінің көтеру механизмі үшін жобалануы керек.

Кранның негізгі механиздер жұмысын кинематикалық сұлба көмегімен қарастырамыз. Кранның барлық қозғалу механизмдері екі бос дөңгелектерден тұрады. Қозғалтқыштың бұрыштық жылдамдығы көтеру барабанының немесе мосттың бос дөңгелектері мен тележканың жылдамдығына қарағанда көп болғандықтан, кранның жұмыс жасау механизмі редуктор арқылы жұмыс жасайды. Көтеру механизміне полиспаст сұлбасын жиі қолданамыз (1.3 сурет). 1.3 суреттегі сұлбаның көмегімен қозғалыс барабаннан ілгішкеберіледі.



1 - барабан; 2 – муфта; 3 – редуктор; 4 – тежеуіш; 5 – электрқозғалтқыш

1.3-сурет – Көпірлік кранның көтеру механизмнің кинематикалық сұлбасы

Жүк көтергіш машиналар жүктеме дәрежесі бойынша пайдалануға, жұмыс уақытына, жүк көтеру операцияларының жауапкершілік дәрежесіне және жұмыстың климаттық факторына қарай дайындайды. Бұл шарттар жүк көтергіш машиналардың негізгі параметрлермен қамтамасыз етеді. Көтеру механизмнің негізгі параметрлеріне мыналар кіреді: жүк көтеру қуаттылығы, жүк көтеру құрылғысының көтеру жылдамдығы және көтеру биіктігі, жұмыс тәртібі.

Нақтылы жүк көтеру қуаттылығы – жүк көтеретін машинаның ілгектегі нақтылы жүктің салмағы және көтеретін құрылғыда.

Көтеру жылдамдығы жүк көтеру машинасының жұмыс сипатына, машинаның түріне және оның өндірілуіне, технологиялық процесстің талаптарына байланысты таңдалады.

Жүк көтергіш машиналардың жұмыс тәртібі циклды болып табылады. Цикл жаңа цикл үшін бастапқы қалпына келу үшін және белгіленген жол бойынша жүкті қозғалтқанннан тұрады.

Көтергіш кранның М7 механизмі жұмыс тәртібі (жұмыс тәртібі ауыр).

Көпір кранының көтеру механизмінің физикалық және геометриялық параметрлері, және де цех бөлімінің аумағында орналасқан жобаның бастапқы деректері болып табылады. Бастапқы деректер 1.1-кестеде келтірілген.

1.1-кесте – Көпірлік кранының бастапқы деректері

Параметр атауы	Параметр шамасы
Жүк көтеру қуаттылығы	25 т
Көтеру жылдамдығы (номиналды)	4 м/мин
Кран қозғалысының жылдамдығы (номиналды)	6,77 м/мин
Арба қозғалысының жылдамдығы (номиналды)	2,99 м/мин
Көтеру биіктігі	1 м
Жүк көтергіш құрылғының салмағы	7,7т
Барабан диаметрі	650 мм
Полиспастың еселілігі	6
Редуктордың беріліс саны	63
КПД негізгі көтеруі	0,95
Редуктор КПД	0,96
Кран қосу ұзақтығы	40%

1.5 Электр жетегіне қойылатын талаптар

Кран механизмінің жетегі үшін түрлі қоғалтқыштар мен электржетек жүйесін қолдануға болады. Қазіргі таңда кран механимі үшін қарапа йым электржетектерін қолдануға болады. Ол қосу реттегіш резисторы арқылы өзгеріссіз кернеудің тұрақты немесе айнымалы ток жүйесі арқылы қорек көзін алады.

Қысқа тұйықталған роторлы асинхронды қозғалтқышы бар электржетекті негізінен аз қуатты, жеңіл режимде жұмыс жасайтын кранмеханизмдері үшін қолданылады. Егер жылдамдықты немесе дәл тоқтауды қамтамасыз ету қажет болса, онда екі немесе үш жылдамдықты қозғалтқыштарды қолдануға болады.

Ротор тізбегіндегі кедергіні өзгерту арқылы бұрыштық жылдамдықты Фазалы роторлы және сатылы реттейтін асинхронды қозғалтқыштар көп таралған. Ол қарапайым, сенімді, бір саған ішінде бірнеше қосылудықамтамасыз ететін орта және үлкен қуаттарда қолдана береді. Ротор тізбегіндегі кедергілер арқылы қосылу кезіндегі моменттерді өзгерте алады, қалаулы жылдамдықты және баяу қосылуды қамтамасыз етеді, токты азайтады, өтпелі процесс кезінде қозғалтқыштағы энергияны үнемдейді және бұрыштық жылдамдықтың азаюын қамтамасыз етеді. Қосылу реттеуіш кедергілеріндегі айтарлықтай шығындар үшін ол тиімсіз; қозғплтқыштың

жоғары тозу дәрежесі, электромагнитті тежеу және конт актілік басқару аппаратурасы.

Егерде крандық механизмдердің электржетегіне бұрыштық жылдамдықты реттеуге байланысты жоғары талаптар қойылатын болса, онда әр түрлі режимдерде тұрақты ток қоғалтқышы қолданылады.

Егерде жетектің бұрыштық жылдамдығының реттеуінің жоғары диапазонын қамтамасыз ету қажет болса, крандық механизмнің жұмысының кернеулік режимінде қозғалтқыштың өтпелі процесстеріндегі баяу өту үшін, Г-Д жүйесі бойынша реттелетін жетекті қолданады. Бұл үлкен қуаттарда аппаратураның басқаруын жеңілдетеді және электр жетегінің жұмысының сенімділігін арттырады.

Жалпы желіден тұрақты немесе айнымалы токпен қоректену кезінде контроллерлік немесе контактерлік басқару қолданылады. Контроллерлік басқару кезінде бас тізбектердегі барлық ауыстырып қосулар күштік контроллердің контактілері арқылы жүзеге асады.Оның басқаруы интенсивті жұмыс режимінде кран басқарушысынан айтарлықтай талпыныс қажет. Контакторлы басқару командалы контроллер және релелік контактор панелі арқылы жұмыс жасайтын магнитті контроллер арқылы іске асады. Қозғалтқыштың басты тізбектегіндегі ауыстырып қосу контакторлар арқылы іске асады, ал кранды басқарушы команды контроллермен басқарады. Контакторлы басқару қосылу, тежелу және реверстелі автоматты түрде жүреді. Аз кернеулі механизмді жұмыс режиміндегі контроллерлі немесе контакторлы басқару режимін қолдануға болады.

Сапалы көтеру, түсіру және жүкті жылжыту электржетегі келесідей талаптарға сай болу керек:

- электрқоғалтқыштың бұрыштық жылдамдығы кең ауқымда реттелетін болу керек. Қарапайым крандар үшін 4:1, арнайы крандар үшін 10:1;
- электр жетектің механикалық сипаттамаларының қаттылығын қамтамасыз ету, әсіресе аз жылдамдықты реттеуіш жүкке тәуелсіз болу керек;
- өтпелі процесстердің минималды ұзақтығы кезінде үдеудің шегі белгіленген нормаға дейін болу керек;
- жетектің реверсі және жұмысының қозғалтқыштық және тежеуіш режимінде қамтамсы етілуі;
- жоғарыда көрсетілген талдау нәтижесінде фаза роторлы асинхронды қозғалтқышты электржетек таңдаймыз.

Соңғы жылдары жүккөтергіш көліктердің автоматтандырылуына үлкен мән берілуде. Автоматтандырудың негігі бағыты көлікті басқару, қауіпсіздігі, бақылауы және диагностикасы болып табылады. Алайды олардың жүк көтеру кезіндегі олардың басты мақсаты қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Автоматтандырылудың мүмкіндітері өте кең және ол өндірістік кәсіпорындардағы қамтамасыз етілетін материалға және автоматика жүйесіне байланысты. Мысалға, жүккөтеру механизмінің оның режиміне тәуелсіз басты бөлімі жүкті көтеру және тасымалдау. Крандық жетекті басқаруда жаңа жиілікті түрлендіргіш фирмалардың өнімдері кран жетегінің басқару үшін қажетті функцияларды толық қамтамасыз етеді. Жоғары жылдамдықтыкөтеру, тежелуді бақылау, ұштық ажыратқышты позициялау, жүктемені түзеу, жүк көтергіш электр жетектің жүйесі келесідей механизмдерменқамтамасыз етеді:

- белгіленген үдеумен баяу қосылу мен тежелу механизмі;
- механизмнің жылдамдығын реттеу;
- аса жүктемеден шектеу;
- құрылғыны басқару, қорғау және индикациясын қамтамсыз ету;
- номиналды көтеру жылдамдығы : 4 м/мин;
- белсенді тездеткіш 0.5 м/с^2 ;
- механизмнің бірқалыпты жылдамдығын реттеу минималды шамадан номиналдыға дейін (0,4 м/с 4 м/с дейін);
-0,1 м/с2 деңгейде максималды желілік тездеткіштің шектеуі;
- жүктің максималды дәл орнын анықтау;
- механизмдердің шекті жүктемелерін шектеу;
- жиі іске қосу және тежелу кезінде жоғарғы сенімділік және ұзақүзіліссіз жұмыс істеуі;
- қозғалтқыштың жиілігін түрлендіргіштің қорғау;
- электр жетегіш тежелу кезінде, қозғалтқыштың айналу жылдамдығын реттегенде, екпін кезінде өтпелі кезендердің оңтайлы ағының қамтамасыз ету.

2 Негізгі бөлім

2.1 Автономды кернеу инверторы негізінде «ЖТ-АҚ» жүйесі бойынша электр жетегін жобалау

Есептің мақсаты көпір кранының көтеру механизмнің қозғалтқыш қуатын таңдау үшін, қозғалтқыш білігіне келтірілген, статиалық жүктемелердіанықтау болып табылады.

Қозғалыс ілгермелі болғандықтан, статикалық кедергі моменті келесі түрмен анықталады:

$$M_c = \frac{F_{\text{смех}} \cdot V}{\omega_{max} \cdot \eta \cdot \eta_{\text{ред}}}, \qquad (2.1)$$

мұндағы M_c - статикалық момент, қозғалтқыш білігіне келтірілген, Нм;

$F_{\text{смех}}$, V үдемелі қозғалыс жұмыс құралының күші және сызықтық жылдамдығы, Н, м/с;

$$F_{\text{смех}} = (m_{\text{ж}} + m_{\text{к}}) \cdot \text{g} = (7700 + 15000) \cdot 9{,}8 = 222460 \text{ Н} = 222{,}46 \text{ кН},$$

мұндағы $m_{\text{ж}}$, $m_{\text{к}}$ – жүк және көтеру құрылғысының салмағы, кг;

g- еркін құлау жылдамдығы;

$$V = 4 \text{ м/мин} = 4/60 = 0{,}067 \text{ м/с}, \qquad (2.2)$$

$\eta \cdot \eta_{\text{ред}}$ –қозғалтқыш және редуктордың ПӘК.

